

*С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана
Кітапханаларды дамыту бөлімі*

*Мүбәрак Кәрімұлы Жаманбалиновтың
100 жылдығына (1924-2010)*

«Бала әлемінің бағдаршамы»
Әдістемелік ұсыныстар

Павлодар, 2024 г.

Балалар ақыны – бахтияр қаламгер. Мыңдаған, он мыңдаған, бәлкім жүз мыңдаған кішкентай оқырманның ілтипат-ықыласына татыған тамаша жырдың иесі болу - әрине – бақыт. Мүбәрак сондай бақытқа ерте кенелген егде таланттардың елеулілерінің бірі.
Мұзафар Әлімбаев

Алғы сөз

Балалар әдебиетінің танымал жазушыларының қатарында айтулы орынға ие қаламгер - Мүбәрак Жаманбалинов. Шығармашылық жолын педагогтік қызметте жүріп бастаған, әрі балалар ақыны, әрі журналист ел азаматы болып, алыстағы өзі қатарлас сөз шеберлерінің ықыласына әрдайым ие болып келді.

Балаларға ғибрат жырларымен, үлкендерге жылы сықақ, мысал өлеңдерімен Ертіс өзені жағасындағы кеңшарында тәрбиелік ықпалын өмірінің соңына дейін тоқтатқан емес.

Әдістемелік құралға: М.Жаманбалиновтың өмірбаяны; «Балалық жыр әлемі» (Әдеби кеш сценарийі); Әдеби кештердің және кітап көрмелердің атаулары; Жазушыға арналған дәйексөздер; Жазушының шығармашылығына арналған сұрақтар және жазушының библиографиясы.

Бұл әдістемелік құралды көмек ретінде қазақтың көрнекті жазушысы, журналист, балалар ақыны Мүбәрак Жаманбалиновқа арналған іс-шараларда пайдалануға болады.

Мүбәрак Кәрімұлы Жаманбалинов (1924 – 2010)

Мүбәрак Кәрімұлы Жаманбалинов 1924 жылы Павлодар облысы Железинка ауданы Тәттімбет ауылында туған. Руы – Қанжығалының Қарасы. Қарадан – Елтай, Елтайдан – Топан, Топаннан тоғыз ұл туған екен. Кәрімнің әкесі Жаманбала Тоғыззақ деген ең кенжесінен қалған ұрпақ біраз жылдар Тоғыззақ деп аталған қоныста біраз бірге тұрыпты.

Кәрім арабша сауатты болған, ауыл молдасы болғандықтан, көптеген қуғын – сүргін көреді. Болашақ ақынның жеті жасқа дейінгі өмірі Тәттімбет деген ауылда өтеді. 1931 жылы ашаршылық безбенінен ығысып, Кәрімнің отбасы Новосибирь облысына қоныс аударады. Отбасындағы баланың үлкені Мүбәрак, қарындастары төрт жасар Биғайша және екі жасар Меруертпен орыс балаларынан артылғанды жеп, әке – шешесінің жұмыс іздеп сандалғаннан көзбен көреді. Жаманбаланың үлкен ұлы Әбілқайыр қазаққа аты шыққан балуан, кіші ұлы Қайырғелді өнері асқан темір және ағаш ұстасы болған екен. Кәрім, Мүбәрактың өз әкесі қағазға, құран – кәрімге, оқуға жақын болыпты.

1934 жылы Қазақстанға көшіп келіп, 1937 жылы қайтадан Сібірге қоныс тебеді. Осы себептерге байланысты жас кезінде Мүбәрак Кәрімұлы қазақ мектебінде екі –ақ жыл оқиды. Әкесі Кәрімнің көшіп – қонып жүрген ауылында ақын аталғандығы, фольклорға құмар, өлең жазуға икiмдi болғандығы жас Мүбаракқа қатты әсер етедi. Жастайынан баласына көптеген тақпақтар жаттатып тәсілдірген әкесі өлең жазудың да құпиясын үйретеді. Көбінесе өлеңді арнайы тақырып беріп жаздырып, өзі оңаша тыңдауды ұнатқан. Отбасы содан кейін көшіп барған жері – Новосибирь облысының Венгероно ауданында бала Мүбәрак орысша сегізінші сыныпты бітіріп, 1939-1941 жылдары Ординск қаласындағы ауыл шаруашылық мектебінде оқыды.

1948 жылы агрономдық кәсіби мамандықты шет жердегі Венгероно, Татарск аудандарында атқарады. 1950 жылы Омбыдағы орыс – қазақ педучилищесін сырттай бітірген. Оның ана тілінде оқыған оқу орындары Омбы орыс – қазақ мектебі мен Омбы орыс – қазақ педучилищесі еді. Чаны ауданының Зыбылғы ауылындағы бастауыш мектебінде үш жыл мұғалім болды. Төрт кластағы отыз оқушыға жалғыз өзі білім беретін Мүбәрак Жаманбалинов оқуға керек құралдарды Қазақстаннан әкеліп жүреді. Осылайша Ресей жеріндегі қазақ – татар ауылдарының ұлттық мектептері аты бар да, заты жоқ, оқулық, оқу құралдарынсыз жекелеген адамдардың азаматтық борышына ғана кіріптар күй кешеді. Оқушыларға өз білетінін өлең – тақпақтардың бәрін жаттатып, жас мұғалім оларды қанағаттандыра алмайды. Оның қажетті

тақырыптарға өлең – тақпақтар, жұмбақ – жаңылтпаштар құрастыруына тура келеді. Бастауыш сынып мұғалімі ақындық ауылына біржола сапар шегеді. Ақын алғашқы өлеңдерімен – ақ Қазақстандағы балалар әдебиетінің өкілдеріне, сыншыларына жақсы көзқарас қалдырған.

Мүбәрак Жаманбалиновтың балаларға арналған өлеңдері 1953 жылдан бастап «Қазақстан пионері» газетінде, 1954 жылдан «Пионер» журналында жариялана бастайды. Сол жалдары «Жұлдыз» журналында үлкен әдеби ортада тұсауы кесіліп, ақын деп танылған М. Жаманбалиновтың 1956 жылы «Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиеті» баспасынан "Айнабұлақ" атты тұңғыш жыр жинағы жарық көреді.

1958 – 1990 жылдар аралығында Павлодар облысының «Қызыл ту» газетінің меншікті тілшісі, 1990 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамының өзі тұратын Ертіс ауданындағы ұйымының төрағасы болып сайланды.

1991 жылдың 1 қаңтарынан ақын тұратын Ертіс ауданының бұрынғы орыс тіліндегі «Иртыш» газетімен бірге, 2240 данамен екінші газет – қазақ тіліндегі «Ертіс нұры» жарық көреді. Оның алғашқы редакторы болып, сол аудан бойынша «Қазақ тілі» қоғамын басқарып отырған Мүбәрак Жаманбалинов тағайындалады. Газеттің редакциясын ұйымдастыру мәселесін «Қазақ тілі» қоғамы көтерген еді.

1958 жылдан КСРО журналистер Одағының мүшесі, 1970 жылдан КСРО жазушылар Одағының мүшесі болып бекітілген Мүбәрак Жаманбалинов балаларға арналған он алты жыр жинақтарының авторы. Атап айтқанда: «Айнабұлақ» (1956), «Сәлем» (1962), «Ертіс лебі» (1963), «Кішкене достарға» (1965), «Менің інім» (1970), «Батыр ұстаз» (1972), «Балғын күндей балақан» (1974), «Толқын» (1979), «Ашық күн» (1984), «Солнечный день» (1987), «Жауқазын» (2001) т.б. кіші – әгірім суретті кітаптары әр жастағы балалардың көңіліне жеткен асыл дүниелер.

Қазақ балаларының түгелдей қазақша оқытылуын армандаған ақын өзі болып, отыз жыл бойы оқу ісі тоқырап қалған мектепте 48 бала қабылдануға мұрындық болады. Ертіс кеңшары бойынша ашылған 14 қазақ класының саны келесі жылы 24 –ке жеткізіледі. Ұлттық салт – дәстүрді жаңғырту, қала, жер – су атауларын қайтару, ауданның, облыстың әйгілі адамдарының есімдерін мәңгілік ету, тарихи оқиғалар ортасында жүрген Ертіс өңірі би – шешендерін, балуан – батырларының есімдерін ел есінде сақтату, бастарына белгі қойып, тарихи оқиғалардан жас ұрпаққа естелік ескерткіштер тұрғызу ісіне зор үлес қосты.

1994 жылы қазақ жұртшылығына бейтаныс болып келген жайларды баяндайтын тарихи деректері бар «Сөз сүйектен өтеді», 1995 жылы «Ертіс ауданының тарихы», 1998 жылы «Әйгілі аудан - Ертісім» атты өлке танымдық тарихи кітаптың I томын жазды. 1998 жылы «Түгел батыр және оның ұрпақтары» атты кітапты өзінің қаламдас досы журналист Бәделхан Айтжанмен бірлесе, сол өңірден шыққан батырлардың, билердің шешендік сөздерін, толғаулары мен тарихи дастан, шежіре – деректерін баяндайды. 2002 жылы «Әйгілі аудан - Ертісім» кітабының II томын екі тілде жинақтап, өз ауданының тарихы, тұрғындарының ата – тегі жөнінде шежіресі бар, жан – жақты мағлұматты деректер жеткізеді. 1999 жылы «Ақшам» деп аталатын жыр жинағы басылды.

Жылдар өткен сайын мәдениет, әдебиет қайраткерлері халқымыздың жоғын жоқтап, барының бағасын асыруды қолға алды. Жұртына жақын ақын бұл бағытты да ұстанды. 2004 жылы өзінің кіндік қаны тамған Железинка деп аталатын ауданның тарихы жайында «Жайнаған өңір, жайнаған өмір» және сол жер тұрғындарының отызыншы жылдары бастан кешірген ашаршылық нәубеті жайлы «Аштық азабы» атты деректі поэмалар жазады.

Ақынның тұңғыш ұлы Ғылымиден «Ертіс нұры» газетінің редакторы, ағасымен тел өскен баласы Талап фототілші. Үш ұлдан тоғыз немере көрген.

Ақынның қоғам алдындағы азаматтық борышы үкімет басшылары тарапынан сан мәрте марапатталды. 1987 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, 2001 жылы И. Байзақов атындағы облыстық әдебиет бірлестігінің құрметті төрағасы, 2001 жылдан бастап Ертіс ауданының құрметті азаматы; 2002 жылы Павлодар облысы әкім грантының иегері.

«Балалық жыр әлемі»

Әдеби кеш сценарийі

1 – жүргізуші:

Қазағымның Арқадай даласында,
Қасиетті Ертістің жағасында.
Бір мекен-жай қиядан баурап алып,
Қалар мәңгі ұрпақтың санасында.
Ойын-күлкі, әзілді аңыратқан,
Жүздерінен шуақты жалын атқан,
Балалардың сусындар бал-бұлағы,
Туып жатты-ау сонау бір шаңырақтан.
Ол жырларда бәбектің үндері бар,
Тапқырлық пен алғырттық, әділеттік,
Кейбір содыр тентектің міндеті бар.
Ол жырлардан жақсыны сезінерсің,
Жамандықтан жеркөніп безінерсің.
Өзіңді-өзің айнадан көргендей-ақ,
Кейбір қиқар мінезбен кезігерсің.
Ой артынан туындап тағы бір ой,
Жетелейді ілгері сабырлы бой,
Аңқылдаған ақынның мекен-жайы
Балалардың кәдімгі ауылы ғой.
Сайран салып, Мүкеңнің жыр бағында
«Жүрген анау – дерсің-ау, кім тағы да?» -
Бұл ауылға ылайым соқпай кетпес
Еліміздің ертеңгі ұрпағы да!, -

дегендей (А.Шамкенов) балалар әдебиетіне өз талын еккен, жауқазын жырларын Ертістің қара суына қандыра отырып, жайқалта алған қаламгер Мүбәрәк Жаманбалинов шығармашылық жолын ағартушылық қызметте жүріп бастаған әрі балалар ақыны, әрі журналист ел азаматы алыстағы өзі қатарлас сөз шеберлерінің ықыласына әрдайым ие болып келген жазушы.

2-жүргізуші:

Құрметті оқырмандар бүгін Республикаға танымал ақын, жазушы, журналист, публицист, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Республикасының Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Журналистер Одағының мүшесі Мүбәрәк Кәрімұлы Жаманбалиновтың 100 жылдығына арналған «Балалық жыр әлемі» атты әдеби кешке қош келдіңіздер.

1 жүргізуші:

Жаманбалинов Мүбәрәк 1924 жылы 7 қарашада Павлодар облысындағы Тәттімбет ауылында дүниеге келген. Орта дәрежелі агрономдық білім алып, Новосибирдегі Татар МТСнда учаскелік агроном болып істейді. Одан соң Омбы орысқазақ педучилищесін бітіріп, ұзақ жылдар мектепте ұстаздық етеді. Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің Ертіс ауданындағы меншікті тілшісі болған. Басылым беттерінде облыстың өркендеуі, ана тіліміздің өзекті мәселелері, тіл туралы ой-түйіндер, мектеп проблемаларын, халықты толғандыратын мәселелерді көтеріп, шешімін таппай жатқан проблемаларды жазады.

2-жүргізуші:

Әдебиетке елуінші жылдардан араласты. «Айна бұлақ» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1956 жылы жарық көрді. Содан бері әлденеше жыр жинағын шығарған жазушы негізінде балалар ақыны ретінде танымал болды. Ақынның балаларға арналған қай туындысы болмасын, қазақ балалар әдебиетінің қалыптасу, даму үрдерісінде балалардың қабылдауына қонымдылығымен, көркемдік-эстетикалық құндылығымен ерекшеленетін шығармалар.

1-жүргізуші:

М.Жаманбалинов – өлеңнің шағын түрін дамытушы ақын. Жиырмаға жуық жинақтарында баланың тілін жетілдіретін, қиялын ұштайтын, көңіл көкжиегін кеңейтетін шығармалар көп. Автор өлеңдерінде табиғат құбылыстары, жан-жануар, түрлі хайуанат, құстар, өсімдіктер жайындағы алғашқы түсінікті суреттеп көрсететін танымдық қасиетімен өзгешеленеді. Қазақ балалар әдебиетінде таныс және бейтаныс бейнелер жайындағы өлеңдері - бүлдіршіндер мен балдырғандарды табиғатпен алғашқы таныстырушы. Ақын өлеңдерінің ерекшелігі: балалардың жас ерекшелігіне қарай күрделенуінде, белгілі бір оқиғаға құруында, бейнелі сөздердің қолданысы балалардың жас ерекшелігімен тұтасып, қабылдауына лайық болуда.

(Ортаға бүлдіршіндер шақырылып, бірнеше өлеңдер жатқа айтылады)

О, керемет, керемет!
Бейне аппақ көбелек,
Ақша қар жай көлбеңдеп,
Қонып жатыр жерге кеп.
Қонып жатыр тауға кеп,
Бақшаға кеп, бауға кеп.
Қонып жатыр көлге кеп –
Кетті ұласып жер мен көк.
Шыр көбелек айналып,
Қонып жатыр жайланып:
– Енді қайтып ұшпаймыз
Осы жерді қыстаймыз.

/«Алғашқы қар»/

Жаз жасылға оранған
Қыс та ән қосқан дауылға
Бір қарағай орманнан
Әкелінді ауылға.
Тақтай етіп тілді де,
Жонды ұста сүргілеп.
Төрімде енді тұр міне
Шкаф болып сырлы көк
Достарынан бақытты,
Өкіліндей орманның.
Құшағына алыпты
Көсемдердің томдарын.

/«Қарағай»/

Төнді балқып күн қызып,
Жылу алды көктем жер
Қардың астын су бұзып,
Есті жылы өкпек жел.
Күннен тұңғыш қызу ап,
Илеу бетін ашқаны,
Құмырсқалар құжынап
Көктем тойын бастады.

/«Көктем тойын бастады»/

2- жүргізуші:

М.Жаманбалинов – ертегі жанрын дамытушы ақын. Оның қаламынан түрлі жастағы балаларға арналған ертегілер туды: «Ай мен күн», «Қорқақтың кеселі», «Мықтылардың мықтысы», «Түйе жылдан қалай құр қалды?», «Жұмбақ сыры», «Дәрігер аю мен қорқау қасқыр», «Жираф пен піл», «Бала пілдің қалаға саяхаты», «Бір байдың ақшасы мен шақшасы туралы». «Ай мен күн» ертегісінде Айдың Күн нұрын қызғанып, жұлдыздарды бастап, Күн ұйқыға кеткенде, жалғыз тастап кетеді. Күн көзі айды, Жұлдызды іздеп шықса да таппайды, содан бері Ай өзі де Күннен ұялып, Күн шапағын

шашқанда аспаннан жоғалады екен. Шағын ғана ертегіде автордың айтар ғибраты мол. Ол: балаларды қызғаншақтықтан сақтандыру.

(«Ай мен күн» ертегісінен үзінді оқу)

1- жүргізуші:

Қазақ балалар поэзиясына өзіндік өрнегін салған, республикаға кеңінен танылған ақынның «Айна бұлақ», «Ашық күн», «Ақын бала», «Батыр ұстаз» «Менің інім», «Толқын», «Балғын гүлдей балақан» т.б. жинақтары балалар әдебиеті қорына қосылған өміршең дүниелер болып есептеледі. Ақынның жас ұрпаққа қатысты мол мұрасынан мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерден бастап жас өспірімге дейінгі балаларға арналған шығармалары бар.

Жазушының өлеңдері табиғатқа, жыл мезгілдеріне, анасына, ұстазына, оқуға байланысты болып жазылған. Ақынның өлеңдері қырғыз, түркімен, өзбек, латыш тілдеріне аударылған. Мүбарак Жаманбалиновтың «Жауқазын» атты таңдамалы жинағына өлеңдер, поэмалар, ертегі-аңыздар, мысалдар, жұмбақтар, жаңылпаштар енгізілді.

(Мүбарак Жаманбалиновтың «Жауқазын» атты таңдамалы жинағынан өлеңдер, поэмалар үзінділері оқылады)

2-жүргізуші:

М.Жаманбалиновтың «Батыр ұстаз» поэмасында Кеңес Одағының батыры Серікбай Мүткеновтің ерлігі жырланады. Поэма 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының шындығын ашып көрсетеді. Ақын ең әуелі Серікбай Мүткеновтің бала кезін сипаттайды. Себебі, кез келген адам, ол инженер, мұғалім, дәрігер, тіпті даңқты батыр болса да, бала шақтан болашаққа бастау алатыны белгілі. Әрі балаларды даңқты батырдың балалық шағын қалай өткізгені де қызықтыратыны сөзсіз.

(«Батыр ұстаз» поэмасынан үзінді оқылады)

1-жүргізуші:

1994 жылы қазақ жұртшылығына бейтаныс болып келген жайларды баяндайтын тарихи деректері бар «Сөз сүйектен өтеді», 1995 жылы «Ертіс ауданының тарихы», 1998 жылы әйгілі аудан – Ертісім» атты өлкетанымдық тарихи кітаптың 1 томын жазды. Сол кітаптардың мазмұнында Ертіс ауданының өткен ғасырдағы тарихи беттерін ашып, 1998 жылы «Түгел батыр және оның ұрпақтары» атты кітапты қаламдасымен бірлесе сол өңірден шыққан батырлардың, билердің шешенді сөздерін, толғаулары мен тарихи дастан, шежіре-деректерін баяндайды. 2002 жылы «Әйгілі аудан-Ертісім» кітабының 2-ші томын екі тілде жинақтап, өз ауданының тарихы, тұрғындарының ата-тегі жөнінде шежіресі бар, жан-жақты мағлұматты деректер жазды.

(Ақын М. Жаманбалиновтың сөзіне жазылған, әні: Н. Дүкенбаевтікі «Ертісім – менің ауданым» әні орындалады.)

2-жүргізуші:

Көрнекті жазушы Сағи Жиенбаев: «Айнабұлақ» деп аталатын алғашқы жинағынан бастап, Мүбарак Жаманбалинов туа жаралған балалар ақыны екенін көрсетті. Халық жырларындай қысқа да қарапайым, нақты да жеңіл, көңілді, көркем дүниелер жасады. Балажанды, сәби жүректі сабырлы ақын аз жазса да, балдырғандардың көп оқитын, сүйікті сырласы болды, - деген еді. Жас ұрпақ тәрбиесі мен балалар әдебиетін ұштастыра қараған ұстаз ақын Мүбарак Жаманбалинов өз оқырмандарын қуаныш пен шаттыққа бөлей беретін мол әдеби мұра қалдырды. Оның һәм күлдіріп, һәм ойландыратын ойнақы өлеңдері, таңғажайып оқиғалы сырлы ертегілері, жұмбақтары мен жаңылтпаштары бүлдіршіндердің есінде ұзақ сақталатыны күмәнсіз.

М.Жаманбалинов – бүлдіршін сәбимен де, ақылды, байсалды жанына жақын жандармен де пікірлесе, жақындаса жыр жазған шынайы талант иесі.

* * *

Әдеби кештердің және кітап көрмелердің атаулары (ұсыныстар)

«Ақынын ардақтаған елі бар»
«Бала әлемінің бағдаршамы»
«Дана сөзбен, дара сөзбен жыр төккен»
«Елі ардақтаған ақын»
«Балалық жыр әлемі»
«Ел құрметтеген қаламгер»
«Бала жүрек жыршысы»
«Елдің өркенін танытқан»
«Ел құрметтеген қаламгер»
«Ұрпаққа ұлағат қалдырған қаламгер»

Жазушыға арналған дәйексөздер

Балалар ақыны – бахтияр қаламгер. Мыңдаған, он мыңдаған, бәлкім жүз мыңдаған кішкентай оқырманның ілттипат-ықыласына татыған тамаша жырдың иесі болу - әрине – бақыт. Мүбәрак сондай бақытқа ерте кенелген егде таланттардың елеулілерінің бірі. (Мұзафар Әлімбаев)

Мүбәрак Жаманбалинов – баланы байлық тұтқан, оның қуанышын бақыт көрген балажан ақын. (Құлбек Ергөбек)

Журналист ісі сан сала, көркемсөз жырға тең кепті.
Жинаған шежіре қаншама, белгісі ерлік еңбектің.

(Ғалымбек Жұматов)

«Айнабұлақ» деп аталатын алғашқы жинағынан бастап, Мүбарак Жаманбалинов туа жаралған балалар ақыны екенін көрсетті. Халық жырларындай қысқа да қарапайым, нақты да жеңіл, көңілді, көркем дүниелер жасады. Балажанды, сәби жүректі сабырлы ақын аз жазса да, балдырғандардың көп оқитын, сүйікті сырласы болды. (Сағи Жиенбаев)

Жазушының шығармашылығына арналған викторина сұрақтары:

1. Балаларға арналған «Балдырған» көркем әдебиет журналы қай жылы шыға бастады? (1958)

2. Ақынның қандай реалистік поэмаларын білесіздер? (М.Жаманбалинов – эпик ақын. Ақынның «Есер ханның өмірі мен өлімі», «Күж жалмауыз бен Білек батыр» ертегі поэмалары, «Батыр ұстаз» реалистік поэмалары бар).

3. Ұлы Отан соғысының батыры Серікбай Мүткеновтің жауынгерлік ерлігін, азаматтық тұлғасын, отаншылдық сезімін қай шығармада көрсетеді? («Батыр ұстаз» шығармасында)

4. Ұқыптап тараған,

Әдемі кекілді,

Ұстазға қараған,

Шәкірттер секілді..., - бұл қай өлеңнің шумақтары? («Күнбағыс» өлеңінің)

5. М.Жаманбалиновтың қаламынан шыққан қандай ертегілерді білесіздер?

(«Ай мен күн», «Қорқақтың кеселі», «Мықтылардың мықтысы», «Түйе жылдан қалай құр қалды?», «Жұмбақ сыры», «Дәрігер аю мен қорқау қасқыр», «Жираф пен піл», «Бала пілдің қалаға саяхаты», «Бір байдың ақшасы мен шақшасы туралы». «Ай мен күн»).

6. М.Жаманбалиновтың жалпы қандай поэмаларын білесіздер? («Есер ханның өмірі мен өлімі», «Күж жалмауыз бен Білек батыр» ертегі поэмалары, «Батыр ұстаз» реалистік поэмасы).

7. Автордың қай өлеңдерінде табиғат құбылысы – күннің күркіреп, жауынның жаууы туралы айтылған? («Күркіреді күн, күн», «Күн күркіреп, жар салды», «Жаңбыр»).

8. «Өтіпті бір өр ағаң, Арыстаннан айбатты.

Ерлігімен сол адам сүйсіндірген аймақты.

Өткен екен нар ағаң, Ертеде емес, ол –кеше.

Қаһары-қыс, бораған, өрттей жанған ерлесе...», - шумағы қай поэмада айтылған?

(«Батыр ұстаз» поэмасы)

9. Жазушының Ертіс ауданының тарихына, тұрғындарының ата-тегі жөніндегі шежіресі бар, жалпы жан-жақты деректер енген 2 томдық кітабын атаңыз.

(«Әйгілі аудан – Ертісім» атты 2 томдық кітап).

10. «Десем де «өзім шығардым»

Апа, сенің қолыңды,

Танып қойды мұғалім,

Есепке екі қойылды», - бұл қай өлеңнің шумақтары?

(«Танып қойды мұғалім» өлеңі).

Пайдаланған әдебиеттер:

Жаманбалинов М. Алма ағашы. Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы «Раритет», 2011. – 285 б.

Бақраденова А. Мүбарак Жаманбалинов. Монография. - Павлодар, 2009. - 187 б.

Қажыбаева Г.К. М. Жаманбалиновтың балаларға арналған әдеби мұрасы және оның көркемдік қуаты // <https://ulagat.com/2020/12/03>

Пайдалануға сілтемелер:

<http://sandiksha.pavlodarlibrary.kz/jamanbalinov/index.html>

<https://www.youtube.com/watch?v=hOLBt3AInAw>

<https://www.youtube.com/watch?v=okS-mjXEqRM>

<https://www.youtube.com/watch?v=PhrNJvP60h8>

https://www.youtube.com/watch?v=34-G_8UcdJc

<https://ulagat.com/2020/12/03>

<http://e-kitap.kz/author/685/books>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-edu/press/news/details/345253?lang=ru>

<https://laweba.net/mubarak-zhamanbalinov-balalar>

БИБЛИОГРАФИЯ

Жазушының шығармалары Произведение писателя

- Жаманбалинов М. Ақшам. – Павлодар: ЭКО, 2000. - 204 б.
- Жаманбалинов М. Ақын бала: өлеңдер, ертегілер мен аңыздар, шарадалар, жаңылтпаштар. – Алма-Ата: Жалын, 1983. – 62 бет
- Жаманбалинов М. Алма ағашы. Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы, «Раритет», 2011. – 286 б.
- Жаманбалинов М. Ауысқан сөздердің орнын тап! // Жарты ғасырдың алтын қоры. - Алматы, 2007. - 135 б.
- Жаманбалинов М. Аштық азабы. – Павлодар, «ЭКО», 2004. - 204 б.
- Жаманбалинов М. Ашық күн: өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар. - Алматы: Жалын, 1984. - 239 б.
- Жаманбалинов М. Әйгілі аудан - Ертісім / ред. Ф. Жұматов. - Павлодар: ЭКО, 1998. - 396 б.
- Жаманбалинов М. Әйгілі аудан - Ертісім. 2 т; / ред. А. Бәделхан. - Павлодар: ЭКО, 2003. - 256 б.
- Жаманбалинов М. Балғын гүлдей балақан: өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, мысалдар, дастандар. - Алматы: Жазушы, 1974. - 181 б.
- Жаманбалинов М. Ертіс лебі: өлеңдер жинағы. – Алматы, 1963. - 88 б.
- Жаманбалинов М. Жайнаған өңір, қайнаған өмір (Железинка ауд.). - Павлодар: ЭКО. - 2004. - 226 б.
- Жаманбалинов М. Балтабаева (Оспанова) Ғалия Құсайынқызы // Жаманбалинов М. Әйгілі аудан - Ертісім. - Павлодар, 2003 - 134б.
- Жаманбалинов М. Балтабай Ғалия Құсайынқызы // Жаманбалинов Мүбәрәк Жайнаған өңір, қайнаған өмір. - Павлодар, 2005. - 148б.
- Жаманбалинов М. Жауқазын: таңдамалы өлеңдер. - Павлодар, 2001. - 208 б.
- Жаманбалинов М. Жайнаған өңір, қайнаған өмір: [Е-кітап көшірмесі]. – Павлодар: ЭКО, 2004. - 1 электрон. опт. диск (CD-ROM)
- Жаманбалинов М. Кітаптар топтамасы. – Павлодар: Кереку ПГУ им. С. Торайғырова, 2019. – 35 б.
- Жаманбалинов М. Көктем гүлдері: Өлеңдер, ертегілер, мысалдар, дастандар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. - Павлодар, 2011. – 304 б.
- Жаманбалинов М. Көсем мүсіні: Өлеңдер. Жаңылтпаштар // Қазақ балалар поэмасының антологиясы. - Алматы, 1997. - 173-179 б.
- Жаманбалинов М. Күж жалмауыз бен Білік батыр // Қазақ балалар поэмасының антологиясы. - Алматы, 2005. - 153-177 б.
- Жаманбалинов М. Мықтылардың мықтысы. - Алматы: Жазушы, 2003. - 159 б.
- Жаманбалинов М. Өсиет: Өлеңдер, тілек-баталар, дастандар, ой түйіндері. – Павлодар: ЭКО, 2019. – 240 б.
- Жаманбалинов М. Толқын: өлеңдер. - Алматы, Жалын. - 1979. - 95 б.
- Жаманбалинов М. Торғайлар қуанышы: Өлеңдер // Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы. - Алматы, 1992. - 98-116 б.
- Жаманбалинов М. Түгел батыр және оның ұрпақтары / М. Жаманбалинов, А. Бәделханов. – Павлодар: Жазушы, 1998. – 121 б.
- Жаманбалинов М. Түгел батыр және оның ұрпақтары (тарихи аңыздар, шешендік толғаулар, шежіре – деректер /А. Бәделхан. - толықт., 2-ші бас. - Павлодар: ЭКО, 2006. - 130 б.
- * * *
- Жаманбалинов М. Азаматтары - ай Ертістің // Сарыарқа самалы. – 2007. - 24 мамыр. - 9б.
- Жаманбалинов М. Ақылға салып сараптасақ... // Сарыарқа самалы. – 2002. -20 қыркүйек. - 4б.
- Жаманбалинов М. Аштық азабы (Поэмадан үзінді) // Сарыарқа самалы. – 2014. - 31 мамыр. - 7 б.
- Жаманбалинов М. Аштық азабы: Өлеңдер // Жұлдыз. - 2008. - №4. - 122 - 126б.
- Жаманбалинов М. Аштық апаты-қазақтарды құрту // Сарыарқа самалы. – 2001. – 29 мамыр. - 2б.
- Жаманбалинов М. Әже: Өлеңдер // Сарыарқа самалы. – 26 сәуір. - 8б. 2007

Жаманбалинов М. Батыр ұстаз: (Поэмадан үзінді) // Сарыарқа самалы. – 2015. - 29 қаңтар. - 13 б.

Жаманбалинов М. Бұл қандай құс?: [Өлеңдер] // Айтшы, әжетай. – 2021. - №4. –

Жаманбалинов М. Ез тойынса - есуас: Өлеңдер // Сарыарқа самалы. – 2007. - 28 сәуір. - 6б.

Жаманбалинов М. Железинка Мұздықөл деп аталса // Сарыарқа самалы. – 2003. - 4 наурыз. - 5б.

Жаманбалинов М. Келіспей пішкен тон... немесе жер-судың иесі кім? // Сарыарқа самалы. – 2005. - 4 тамыз. - 4б.

Жаманбалинов М. Көше атауын дұрыс жазуға жауапкершілікпен // Сарыарқа самалы. – 2006. - 25 мамыр. -

Жаманбалинов М. Қалауын тапса, қар жанар немесе халыққа қорған басшымен сұхбат // Сарыарқа самалы. – 2002. - 14 маусым. - 7б.

Жаманбалинов М. Мал тұқымын асылдандыру барысы қалай // Сарыарқа самалы. – 2003. - 19 сәуір. - 4б.

Жаманбалинов М. Менің әжем // Балдырған. – 2004. - №12. - 17 б.

Жаманбалинов М. Менің жан-дүнием осылай қалыптасты // Родные просторы. - 2004. - 20 қараша. - 2 б.

Жаманбалинов М. Мұхаметжан би (1867-1950) // Сарыарқа самалы. – 2002.-26 желтоқсан. - 16б.

Жаманбалинов М. Ой түйіндері // Сарыарқа самалы. – 2007. - 30 маусым. - 3б. , Сарыарқа самалы. – 2007. - 17 шілде. - 5б.

Жаманбалинов М. Өлеңдер // Бала Ви. – 2021. - №8. – 44 - 47 б.

Жаманбалинов М. Пингвин: Өлең // Балдырған. – 2022. - №12. - 2 - б.

Жаманбалинов М. Саңырау мен маңырау; Түлкінің төрелігі: Өлеңдер // Сарыарқа самалы. – 2007. - 31 наурыз. - 4б.

Жаманбалинов М. Суретші: [өлең] // Он екі ай. – 2007. - №4. -3б.

Жаманбалинов М. Туып өскен, саналы ғұмыр кешкен жер: [Республикалық дәрежедегі зейнеткер, қоғам қайраткері Кеңес Әубәкіров жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2007. - 10 қараша. - 3б.

Жаманбалинов М. Тіл туралы нақыл сөздер // Сарыарқа самалы. – 2007. - 17 наурыз. - 2б.

Мүбәрак Жаманбалинов: «Азаматтық парыз жас талғамайды»: [Республикаға кеңінен танылған ақын - жазушы М.Жаманбалиновпен сұхбат /Әңг. Ф.Жұматов] // Сарыарқа самалы. – 2007. - 7 маусым. - 4 - 5б.

Мүбәрак Жаманбалинов: «Өмірдегі өзгеріс пен жетістік ізденіспен келеді» // Сарыарқа самалы. – 2009. - 26 қараша. - 4 - 5б.

Жаманбалинов М. Ұстазыма: [Өлеңдер] // Naizatas. – 2019. - №5 (48) қыркүйек-қазан. - 63 - 65 б.

* * *

Жаманбалинов М. Мода; Щедрая земля; Самый сильный: стихи // Антология казахской детской поэзии. - Алма-Ата, 1983. - С. 111-113

Жаманбалинов М. На сборе шиповника // Звезда Прииртышья. – 1984. - 13 сентября

Жаманбалинов М. Певец, композитор, артист: [к 85-летию поэта И. Байзакова] // Звезда Прииртышья. – 1985. - 9 октября

Жаманбалинов М. Солнечный день: стихи и сказки: пер. с каз. / М. Жаманбалинов; рис. А. Тленшиева. – Алма-Ата: Жалын, 1987. – 64 с.

«Мечтаю быть отражающим жизнь родником» // Звезда Прииртышья. – 1994. - 20 августа

Жазушы туралы әдебиеттер

Литература о нем

Алақанұлы А. Қазыналы шежіре // Алақанұлы А. Сағыныш. – Павлодар, 2010. - 416 - 417 б.

Бакраденова А. Мүбәрак Жаманбалинов (Өмірі, шығармашылығы, тілдік ерекшеліктері). – Павлодар, 2009. – 188 б.

«Балалар бағының бағбандары»: анықтамалық. - Алматы: / құраст. Ш. Күмісбайұлы «Балалар әдебиеті» баспасы, 2008. - 300 б.

Жұматов Ф. Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер. - Павлодар: ЭКО, 2008. -293б.

Қазақ балалар поэмасының антологиясы // құраст. Г. К. Қажыбаева - Алматы: Арда, 2005. - 456 б.

Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. - Алматы: Балауса, 1986

Mubaraktany: 1-4 synuptar. – Павлодар: Кереку ПГУ им. С. Торайғырова, 2007

Советтік Қазақстан жазушылары: био-библиографиялық анықтамалық. құраст.: С.Ахметов, Д. Еркішев. - Алматы: Жазушы, 1987. - 736 б.

- Алақанұлы А. Тарлан ақынның тағылымды туындысы: [Ақын-жазушы М.Жаманбалиновтың «Аштық азабы» поэмасы жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2003.-25 қараша. - 5б.
- Бақраденқызы А. Бала әлемінің бағдаршамы: // Сарыарқа самалы. – 2014. - 6 қараша. - 7 б.
- Бақраденова А. Балаша байқағыш балалар ақынының табиғатты суреттеу ерекшелігі // Найзатас. – 2014. - №3. - 182 - 199 б.
- Бақраденқызы А. Дана сөзбен, дара сөзбен жыр төккен // Сарыарқа самалы. - 1998. - 20 қазан. - 7 б.
- Бақраденова А. Ұрпаққа ұлағат қалдырған қаламгер // Naizatas. – 2019. - №5 (48) қыркүйек-қазан. - 54 - 62 б.
- Балтабай Ф. Мүбәрак // Сарыарқа самалы. - 2019. - 14 наурыз. - 14 б.
- Бөжен Б. Елі ардақтаған ақын // Сарыарқа самалы. – 2004.-20 қараша. -3б.
- Белгібаева Г. Қаламгер өнегесі // Сарыарқа самалы. – 2014. - 6 қараша. - 13 б.
- Бықай Ф. Кішкене оқырмандарға // Егемен Қазақстан. - 2019. - 18 - қараша. - 12 б.
- Дәуренбек М. Мәуелі бәйтерек // Ертіс дидары. - 2009. - 23 қараша. - 3б.
- Дүкенбаева З. Ақын // Сарыарқа самалы. – 2 маусым. - 5б. 2009
- Дүкенбай Н. Қарттар болса, біртіндеп кетіп жатыр // Айдын. – 2004. – N 4. – 29 б.
- Дүйсенбекова А. «Балалық жыр әлемі» ертеңгілігі // Ертіс дидары. – 2014. - 15 сәуір. - 16 б.
- Ескерткіш тақта орнатылды // Регион.kz. – 2017. - 10 қараша. - 11 б.
- Жүсіпов Н Жақсы жырлар күтеміз // Қызыл Ту. – 1988. - 10 тамыз.
- Жұматов Ф. Ақынын ардақтаған елі бар // Сарыарқа самалы. – 2007. - 22 мамыр. - 8 б.
- Жұматов Ф. Бала жүрек жыршысы // Шаһар. – 2014. - 7 қараша (№43). - 3 б.
- Жұматов Ф. Елдің өркенін танытқан // Сарыарқа самалы. – 2009. - 12 ақпан. – 20 б.
- Жұматов Ф. Ел тірлігін асқақтата // Сарыарқа самалы. – 2003. - 15 қараша. –8б.
- Қажыбаева Г. Мүбәрак Жаманбалинов поэмасының тақырыптық - көркемдік ерекшелігі // Ұлт тағылымы. – 2004. - №3. -166 -169б.
- Қазақ балаларының Корней Чуковскийі // Ұлағат. – 1999. - №1. - 36 - 44 б.
- Қайдарова Г. «Туады адам ақын боп халық үшін» // Сарыарқа самалы. – 2009. - 5 қараша. - 6б.
- Қайыров Е. Балалар әдебиетінің қос қарлығашы // Сарыарқа самалы. – 2014. - 30 қазан. - 24 б.
- Қапанұлы М Ақын мерейтойы аталып // Сарыарқа самалы. – 2009. - 10 қараша. - 2б.
- Мәненұлы С. Қайран Мүкең... // Ертіс нұры. – 2011. - 5 қараша. - 3 б.
- Молдайып С. Айтыс айшықты өтті // Сарыарқа самалы. – 2004.-20 қараша. -3б.
- Мүбәрек Жаманбалинов: [еске алу] // Қазақ әдебиеті. – 2010. - 29 қаңтар - 4 ақпан (№ 4). - 12 б.
- Мүбәрак Жаманбалинов // Сарыарқа самалы. – 2018. - 29 қыркүйек. - 5 б.
- Мүбәрак оқулары өтті // Регион.kz. – 2017. - 10 қараша. - 9 б.
- Мұқаев Б. Балаларға балдай жыр керек // Қазақ әдебиеті. – 1988. - 19 тамыз.
- Нұралина Ж. Жадымызда (Мүбәрак Жаманбалиновтың туғанына 90 жыл) // Сарыарқа самалы. – 2014. - 9 желтоқсан. - 6 б.
- Өтетілеуов Е. Ортақ арна: [Облыстық әдебиет бірлестігінде М.Жаманбалинов пен Е.Ерботин] // Қызыл Ту. – 1988. - 10 тамыз.
- Сахаба Т. Балалар әдебиетінің // Сарыарқа самалы. – 2019. - 1 қазан. - 8 б.
- Сахаба Т. Ел құрметтеген қаламгер // Сарыарқа самалы. – 2014. - 11 қараша. - 9 б.
- Сексенінде жыр жалынан нық ұстаған // Сарыарқа самалы. – 2004. - 16 қараша. - 5б.
- Хашымқызы Қ. Қаламгердің есімі берілді // Сарыарқа самалы. - 2019. - 16 - қараша. - 12 б.
- Шодыр Н. Мүбәрак ақын ұлықталды // Сарыарқа самалы. - 2019. - 28 қараша. - 16 б.
- * * *
- Байдилов Б. Секрет его молодости // Звезда Прииртышья. – 1994. - 24 ноября
- Бакытова А. Айтыс - к юбилею М.Жаманбалинова // Звезда Прииртышья. – 2004. - 23 нояб.. - С. 3
- Баубекова А. Чтобы знали и помнили // Звезда Прииртышья. – 2009. - 3 марта. - С. 8
- Вервекин А. 85 лет - не Эверест... // Звезда Прииртышья. – 2009. - 10 нояб. - С. 3
- Горбунов С. Служу своему народу // Казахстанская правда. – 2009. - 6 ноября. - С. 6
- Горбунов С. Трилогия о родном крае // Казахст.правда. – 2009. - 7 марта. - С. 7
- Горов С. Живут в народе стихи // Иртыш. – 13 авг. – 2011. - С. 2
- Диана Утеубаева: «Таким был мой прадедушка»: [о творчестве поэта М. Жаманбалинова] // Иртыш. – 2013. - 20 апреля. - С. 3

- За заслуги перед областью // Звезда Прииртышья. – 2004.-20 ноября. - С.1
Мубарак Жаманбалинов: О времени и о себе // Звезда Прииртышья. – 2009. - 22 октября.
- С. 7
- Канатов Т. Первые Мубаракские чтения // Иртыш. – 22 дек. - С. 2. 2011
Мәженова З. Жадымызда // Сарыарқа самалы. – 2014. - 9 желтоқсан. - 6 б.
Макаров М. Юбилею поэта // Звезда Прииртышья. – 2004. - 23 декабря. - С. 3
Мубарак Г. С любовью к родной земле // Иртыш. – 2013. - 9 ноября. - С. 3
Муратов М. О герое - для детей: [о сборнике стихов М. Жаманбалинова «Батыр ұстаз»] // Звезда Прииртышья. – 1972. - 16 августа
Памяти Мубарака Каримовича Жаманбалинова: [некролог] // Звезда Прииртышья. – 2010.
- 23 января. - С. 7
Петрученко Н. Сын продолжает дело отца: [вышла книга «Воспоминания журналиста»
Г. Жаманбалинова о М. Жаманбалинове] // Звезда Прииртышья. – 2011. - 14 июля. - С. 2
Петрученко Н. Династия заслуженных журналистов // Звезда Прииртышья.-2009. - 4
авг№. - С. 8
Поминов Ю. М. Жаманбалинов: «Стараюсь трудиться каждый день»: [интервью с
писателем Мубарак Жаманбалиновым] // Звезда Прииртышья. – 2004. - 26 авг№ - С. 8
Поэту М. Жаманбалинову - 60 лет // Звезда Прииртышья. – 1984. - 4 декабря
Праздник в Иртышске: [70 лет со дня рождения поэта Мубарака Жаманбалинова] // Звезда
Прииртышья. – 1994. - 30 августа; // Звезда Прииртышья. - 1994. - 25 августа
Соловьева Л.В. Юбилею поэта посвящается: [к 85-летию поэта М.Жаманбалинова] //
Нива. – 2009. - 20 ноября. - С. 11
Творческий путь юбиляра: [Поэту, журналисту и краеведу Мубарак Жаманбалинову - 80
лет] // Родные просторы. – 2004. - 20 ноября. - С. 2
Чтобы знали, помнили... // Иртыш. – 2009. - 26 февраля. - С. 1

Құрастырған: М.Исакаева